

Ақтөбе ауылдық округінің Ақтөбе ауылының аумағынан карантин іс-шараларын алу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 46/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 10-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және 2015 жылғы 23 қарашадағы № 06-3-02-33/802 "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бұқар жырау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ақтөбе ауылдық округінің Ақтөбе ауылы аумағында жылқылар арасында эпизоотикалық лимфангит ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлы іс-шараларды жүргізуіне байланысты Ақтөбе ауылдық округінің Ақтөбе ауылының аумағынан белгіленген карантин алынсын.

Күші жойылды деп танылсын:

1) Бұқар жырау ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 09/01 "Ақтөбе ауылдық округінің Ақтөбе ауылы аумағында карантин белгілеу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 2562 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 наурыздағы № 11 (1045) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 25 сәуірінде жарияланған);

2) Бұқар жырау ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 32/03 "Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 09/01 "Ақтөбе ауылдық округінің Ақтөбе ауылы аумағында карантин белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 3396 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 қыркүйектегі № 37 (1123) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 14 қыркүйекте жарияланған).

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асхат Сағадияұлы Әлиге жүктелсін.

Аудан әкімінің м.а.

А.Әли

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК